



# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Есепке жатқызу (ОФСЕТ) және қарсы  
талаптар қоюдың (ТАЛАПТАР)  
арасындағы байланыс



1. Қарсы талаптар қою.
2. Басқада қосымша талаптар қою.
3. Есепке жатқызу (офсет) және қарсы талаптар қоюдың арасындағы байланыс.
4. ҚРАПҚ бойынша қарсы талаптар қою.
5. Ағылшын құқығы бойынша есепке жатқызу мен қарсы талаптардың кейбір ерекшеліктері.

## 1. ҚАРСЫ ТАЛАПТАР ҚОЮ

Ағылшын зерттеушілері қарсы талап қою (counterclaim) қойылған талаптардан қорғану құралдарының бірі ретінде қарастырмайды, аталған институттың өзіне тән ерекшеліктері бар (бұл АСӨЕ 20-бөлімде және ПУ/PD 20 толығырақ талқыланады).

Алайда, ағылшын сотында қарсы талап қойып отырған жауапкердің алдында қойылып тұрған мақсат, қазақстандық азаматтық процесстегі қарсы талап қоюдың мақсаттарына ұқсас: нақты іс бойынша процессуалдық қорларды үнемдеу.

Ағылшын құқығы жауапкерге қарсы талап қою мақсатында кең аумақты мүмкіндіктер береді.

Жалпы ереже бойынша, бастапқы талаппен бір мезгілде қарау үшін берілетін жауапкердің талапкерге қоятын заңды талабы — қарсы талап қою болып табылады, бірақ оның негізі, тақырыбы және қорғау көлемі бастапқы талаптан толықтай тәуелсіз болуы мүмкін.

Қарсы талапта жауапкер болып бастапқы талапкер болып табылады, алайда АСӨЕ басқада нұсқаларды ұсынады.

Жауапкер талап қоюшының біріне немесе бірнеше талап қоюшыларға қарсы талап қоюға құқылы, ал негіздері басқаша болуы мүмкін.

Толық өзгеше жағдайда болуы мүмкін. Осылайша, АСӨЕ-нің 20.2 (1) бабына сәйкес жауапкер өтеуі тиіс толық немесе ішінара өтемақы немесе кез-келген басқа қорғауға талабы туралы, жауапкердің процестің қатысушысы болып табылмайтын басқа тұлғасына бағытталған талап-арызы қарсы талап қою болып табылады.

Қарсы талап қою бойынша жауапкер:

1. Бастапқы талапкер;
2. Ортақ талапкердің бірі немесе бірнешеуі;
3. Процесте тарап болып табылмайтын тұлға.

Бұл жағдайда, талапкер болып табылмайтын тұлғаға қарсы талап қоюға ниеттенген жауапкер, сотқа осы тұлға қарсы талап қою бойынша жауапкер ретінде тартылуы қажет туралы қаулы шығаруға өтініш беруі тиіс.

Жауапкер өзінің талап-арызға түсініктемесімен бірге қарсы талап қою арызын мәлімдеген жағдайда, жауапкер талапкерге соттың рұқсатынсыз қарсы талап арыз бере алады. Кез келген басқа уақытта қарсы талап қоюды қалайтын жауапкер осы іс-қимыл үшін соттан рұқсат алуға тиіс (АСӨЕ-нің 20.4 (2) -бабы).

Қарсы талап қоюға қарсы өзін қорғауға ниеттенген талапкер табыс етілуі туралы хабарламаны тіркеуден босатылады.

Қарсы талаптың көмегімен тұлға, егер тәуелсіз сот талқылауына сол талаптарды ұсынған жағдайда қол жетімсіз болатын нәтижелерге қол жеткізе алады.

Мысалдар:

1. Субъективті құқық ескіру мерзімдері бойынша өтелген жағдайда, оның иесіне азаматтық істі бастаудың мәні жоқ. Бірақ, жауапкердің орнына келгенде, ол талапкердің талап ету құқығына қарсы болуы мүмкін.
2. Англиядан тыс жерде орналасқан шетелдік азаматқа немесе компанияға шақырудың көшірмесін беруге мүмкіндік барлық жағдайда бола бермейді. Алайда, олар ағылшын сотында процесті өздігінен бастаған жағдайда, жауапкер әрқашан оларға қарсы талап қою мүмкіндігіне ие болады.

## 2. БАСҚАДА ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

АСӨЕ-нің 20-бөліміне сәйкес, қосымша талаптар негізгі талаптардың кілті болып табылатын көптеген басқа да талаптарды қамтиды, атап айтқанда:



- жауапкерлердің талап қоюшыларға немесе талапкерге және басқа адамға қарсы талаптары;
- жауапкердің жарналар немесе өтемақы бойынша кез-келген тұлғаға талаптары (олардың тарап болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан);
- немесе кез келген басқа да құқықтық қорғау құралдары.

Әдетте, АСөЕ 20-бөліміне сәйкес қосымша талап негізгі талап ретінде қарастырылуы тиіс.

Қосымша талапты ұсынған тарап, «қосымша талапкер» деп аталады: алайда аталған тарап негізгі талапкер ретінде әрекет ете алмайды.

Дегенмен, әдеттегі ережелерге қызмет көрсету, істерді басқару, рұқсат беру және бағалау ережелеріне қосымша арнайы біліктілік қосылған және бұл егжей-тегжейлі ережелер мұқият зерделенуі қажет.

АСөЕ-нің 20-бөліміне сәйкес қосымша талаптар қою қызметі бұдан әрі осы процеске қатысушы ретінде айқындайды. Осылайша, АСөЕ-нің 20-бөлімінде «қосымша тараптар процеске қосылу тәртібіне сәйкес процесс атауында аталуы қажет», мысалы, іс жүзіндегі іс жүргізу мәртебесіне қарамастан «Үшінші Тарап» немесе «Төртінші Тарап» деп аталуы тиіс екенін айқындайды.

Қосымша талаптар тақырыбын үш ұғыммен жинақтап қорытындылай аламыз:

- жауапкер өзін қорғауға жауабымен бірге талабын сотқа ұсынған жағдайда, АСөЕ-нің 20-бөліміне сәйкес, сот жауапкер ұсынған қосымша талаптың көптеген түрлеріне рұқсат берудің қажеті жоқ;
- алайда, бастапқы талап беруші болып табылмайтын тұлғаға қарсы талап қоюға соттың рұқсаты қажет және қарсы талап қоюдың болжамды мақсаты жаңа тарап ретінде қосылуы қажет;
- егер, айыпталушының әрекет етуі жауапкерге қатысты салым немесе өтеуді талап еткен жағдайда, талаптарды ұсынуға рұқсат қажет емес.

Кейбір жағдайларда сот қосымша талап қоюға рұқсат беруден бас тартуы мүмкін. Сондай-ақ, сот мұндай талаптарды немесе бұйрықты бөлек қарастыру жөнінде шешім қабылдай алады.

АСөЕ осы өкілеттіктерді жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде сот назарға алуға тиіс мазмұн мәселелерді (matters) анықтайды. Бұл мәселелер «қамтиды»:

Мазмұн мәселелері (matters):

1. Талапкердің жауапкерге қарсы келтірген қосымша талабы мен (негізгі) талабы арасындағы қатынас;
  2. Қосымша талапкер, мәні бойынша, кез келген басқа тұлға талап етілетін құқықтық қорғау құралдарын іздеуде ма?
  3. Қосымша талапкер сотқа сот талқылауының тақырыбына қатысты кез-келген мәселені шешуді қалайды ма:
- бар қатысушылар арасында ғана емес, тараптар болып табылмайтын тұлғалар арасында да;
  - немесе әрекеттегі қатысушыларға қарсы тарап болып табылатын сапасы жағынан ғана емес, болашақта басқада жағынан.

### **3. ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ (ОФСЕТ) ЖӘНЕ ҚАРСЫ ТАЛАПТАР ҚОЮДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС**

Есепке жатқызу және қарсы талаптар қоюдың арасындағы байланыс төмендегідей болуы мүмкін:

- есепке жатқызу (офсет) — қорғау, қарсы талап қою — белсенді талап болып табылады;
- барлық қарсы талаптар есепке жатқыздан (офсеттен) қорғаныс ретінде шыға алмайды;
- есепке жатқызу (офсет) қорғанысы қарсы талап қою құқығы ретінде қарастырылмауы қажет;
- қарсы талап қою тәуелсіз болуы мүмкін, егер негізгі әрекет белгілі бір себеп бойынша тоқтатылған жағдайда, мысалы, ол тоқтатылса немесе бірыңғайланған жағдайда;
- егер, жауапкер талапкерге қарсы талап қойып жатса, негізгі әрекет пен қиылысқан әрекет бір іске біріктірілуі мүмкін және екі іс те табысты болған жағдайда, сот теңгерімге қатысты шешім шығаруы мүмкін;
- есепке жатқызу қарсы талап ретінде мойындалған жағдайда, жауапкер үштік қорғауға ие болады.

Біріншіден, ол қорғауға құқыққа ие және әсері негізгі әрекет табысты болған жағдайда, оның жауапкершілігі есепке жатқызу соммасының азайтылуынан тұрады;

Екіншіден, оның негізгі талабы мен қарсы талап арасындағы немесе пайда болған жағдайдағы



айырмашылықты қалпына келтіре алатын белсенді талаптары болады,

Үшіншіден, егер де қандай да бір себеппен негізгі талап тоқтатылған болса, ол өзінің қарсы талаптарын сақтай алады.

#### **4. ҚР АЗАМАТТЫҚ ІС-ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ БОЙЫНША ҚАРСЫ ТАЛАПТАР ҚОЮ**

Қарсы талапты қолдану туралы негізгі ережелер 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде (24.04 МВ 2019 ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен) көрсетілген. Атап айтқанда, 153-бап «Қарсы талап қою»:

##### **ҚР АПК 153-бабының 1-тармағы:**

Жауапкер істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін бастапқы талап қоюмен бірлесіп қарау үшін талап қоюшыға қарсы талап қоюға құқылы. Қарсы талап қою, қарсы талап қоюды қайтару, оны қабылдаудан бас тарту осы Кодекстің 148, 151 және 152-баптарында көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі.

##### **ҚР АПК 153 бабының 2 тармағы:**

Егер жауапкер істі дайындау сатысында істі сот талқылауына дайындау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланбаған жағдайда сот талқылауына қатыспаса, сот талқылауы барысында қарсы талап қою қабылдануы мүмкін.

Қарсы талаптар жалпы ережелер негізінде ұсынылады.

Осы ережелерді бұзу бастапқы талапқа ұқсас салдарға әкеп соқтыруы мүмкін: талап қозғалыссыз қалдырылуы мүмкін, қайтарылуы мүмкін, оны қабылдаудан бас тартылуы мүмкін.

Қарсы талап қоюға талап арыз соттың жалпы ережелері қолданылмайды, қарсы талап қоюға оның бастапқы талаппен байланысы негізінде анықталатын арнайы сотта бекітілген.

Қарсы талап қою бастапқы талаптары бойынша да, қарсы талап бойынша да соттың шешімдерін қамтитын жалпы шешімінде рұқсат етіледі. Қарсы талап бастапқы талапты қарастыру жері бойынша беріледі.

Талаптар бастапқы талап бойынша да, қарсы талап бойынша да істі қарастыру барысында татуласу келісімін жасасуға құқылы.

Қарсы талап қою бастапқы талапты есепке жатқызу жасау үшін орнатылуы мүмкін. Есепке жатқызу туралы талаптар жауапкермен талапқа наразылық нысанында ұсынылуы мүмкін. Қарсылық нысанындағы есепке жатқызу (офсет) туралы талап, қарсы талап қоюдың бастапқы талаптан өзінің өлшемдері бойынша аспаған жағдайда ғана мүмкін болады. Есепке жатқызу (офсет) туралы талапты қарсы талап қоюдан ажырата білу қажет.

Қарсы талапты қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 154-бабында көрсетілген «Қарсы талап қоюды қабылдау шарттары» міндетті шарттарының бірін сақтау қажет:

қарсы талап қою алғашқы талап қоюдың есебіне бағытталса;

қарсы талап қоюды қанағаттандыру бастапқы талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандыруды жоққа шығаратын болса;

қарсы талап қою мен бастапқы талап қою арасында өзара байланыс болса, ал оларды бірлесіп қарау дауларды неғұрлым жылдам және дұрыс қарауға әкелсе, судья қарсы талап қоюды қабылдайды.

Қарсы талапты қабылдау соттың қарауына байланысты, осы талапты бастапқы талаппен бірге қарау қаншалықты орынды болатынын анықтауға байланысты.

Қарсы талапты беруден бастап, әдетте процесті күрделендіреді, себебі іс бойынша мән-жайдың зерттеулер көлемі артып, дәлелдемелер қарсы талапты қабылдау тек қарсы талап пен бастапқы талап арасындағы өзара байланыс болған жағдайда ғана мүмкін болады және олардың бірлескен қарауы істі дұрыс және тез шешуге көмектеседі.

Қарсы талапты қабылдаудан бас тарту жауапкерге оны тәуелсіз шағым түрінде тапсыруға кедергі келтірмейді және жалпы тәртіпте сотқа жүгінеді.



## 5. АҒЫЛШЫН ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ МЕН ҚАРСЫ ТАЛАПТАРДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Эндрюстің айтуынша ағылшын зерттеушілері қарсы талапты қойылған талаптарға қарсы қорғану құралы деп есептемейді, ал есепке жатқызуды болса (яғни, set-off) ғалымдардың көпшілігі де, ағылшынның іс жүргізу құқығы да қорғану тәсілдерінің қатарына жатқызады. Көп ғалымдар ХХ ғасырдың аяғында айтылған бір судьяның сөзін келтіреді. Ол есепке жатқызуды қылышқа емес, қалқанға теңеген екен. Алайда қазіргі кездің біраз ғалымдары бұған келісе бермейді.

Есепке жатқызу дегеніміз талап қоюшының талабын толығымен не ішінара өтеу үшін оған қарсы жауапкердің қоятын талабы. Бұл талап қою арызы алынғаннан кейін жасалатын құжатта нақты мазмұндалуы тиіс. Және бұл талап, талап қоюшының арызына байланысты құқықтық қатынаспен ешқандай байланысы болмауы мүмкін.

Есепке жатқызу институтын дұрыс қолдану үшін нормативтік құқықтық актілерде де, тиісті прецеденттерде де тұжырымыдалған бірқатар шарттардың орындалуы талап етіледі. Мысалы, есепке жатқызу талап қоюшы мен жауапкердің ақшалай қатынастарына ғана қолданыла алады. Бұл дегеніміз, есепке жатқызуды заттай орындалатын міндеттемелерге, кейбір әрекеттердің жасалуына тыйым салуға, белгілі бір құқықтық қатынастың болуын әлде болмауын анықтауға және т.с.с. байланысты талап қою арыздарына қолдануға болмайды деген сөз.

Өзара талаптарды есепке жатқызу негізгі талап қою бойынша істің тараптары арасында ғана қолданылуы мүмкін және ол тараптар іс жүргізу (процестік) қатынастарындағы өздерінің орындарында болуы керек. Бұған қатысты әдебиеттерде азаматтық процессте пайда табушылардың мүдделерін қорғайтын сенімді меншік иесінің жеке басындағы борышына байланысты есепке жатқызуды қолдануға тыйым салатын мысал жиі келтіріледі.

Есепке жатқызу институтына қатысты тағы бір шектеу есепке жатқызудың мөлшері бастапқы талап қою арызындағы мөлшерден артық болмауы керек (әйтпесе мұндай жауапкер талап қоюшыдан ештеңе де ала алмауы мүмкін). Демек, есепке жатқызудың мақсаты борыштың (қарыздың) көлемін азайту болып табылады, сондықтан есепке жатқызу заңи тұрғыдан негізгі талап қою арызын қарастырудың нәтижелеріне тәуелді (мысалы, негізгі талап қою арызы бойынша сот өндірісінің тоқтатылуы есепке жатқызу мәселесінің өздігінен жойылуына алып келеді).

Есепке жатқызуды кез келген уақытта қарсы талап ретінде ресімдеуге болады және ол ұл жағдайда қорғаныстың түрі болып есептелмейді. Қарсы талапты болса есепке жатқызу түріне ресімдеуге болмайды.

Есепке жатқызуға қарағанда қарсы талап – жауапкердің талап қоюшыға бастапқы талап қою арызымен бір мезгілде қарау үшін ұсынылған және заңи тұрғыдан ресімделген талабы.

Ағылшын құқығы бастапқы талап қою арызы мен қарсы талап арасында заңи байланыстың болуын талап етпегендіктен, олар бір біріне ұқсамайтын түрлі объектілерге қатысты болуы мүмкін (мысалы, деликтілік міндеттемеге ақшалай міндеттеме қарсы тұруы мүмкін).

Алайда, ағылшын соты бастапқы талап қою арызы мен қарсы талапты бірге қарау белгілі бір қолайсыздықтар туғызады деп күмәнданса (мысалы, сот өндірісінің созылуы немесе қиыншылықтарға кездесуі және т.с.с.), ол жауапкердің талап қоюшыға қойып отырған талаптарын қарау үшін бөлек сот процесін өткізу керек деп ұйғаруы мүмкін.

Қарсы талап дербес сипатына ие және ол дегеніміз азаматтық істер бойынша кәдімгі қарапайым өндірісті реттейтін нормалар оған да таратылады деген сөз. Бұл жағдайдағы жалғыз айырмашылық – бастапқы талаптардың орындарының ауысуы, яғни жауапкер талап қоюшының орнын басса, талап қоюшы керісінше жауапкердің орнын басады.

Қарсы талап бойынша жауапкер ретінде бастапқы талап қоюшы болуы тиіс. Сонымен қатар, тең талап қоюшылардың біреуі немесе олардың әрқайсысы, бірақ әртүрлі негіздер бойынша жауапкер болуы мүмкін.

Талап қоюшымен бірге сот процесіне қатыспаған басқа субъектіге де қарсы талап қойыла алады. Бұл жердегі жалған талап – қарсы талап қоюшының алдында аталған субъектілердің біріккен, үлесті не баламалы жауапкершілігі туралы пайымның болуы.

Қарсы талап есепке жатқызуға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Есепке жатқызу бастапқы қозғалған талаптың тағдырын қайталайды. Ал қарсы талап болса бастапқы талаптың шешілуіне, қозғаусыз қалдырылуына, уақытша не толық тоқтатылуына қарамайды, ол міндетті түрде қаралуы тиіс.

Қарсы талап пен есепке жатқызуды мемлекетке (яғни, тәжіге) қарсы да қолдануға жол беріледі, бірақ



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Есепке жатқызу (ОФСЕТ) және қарсы талаптар қоюдың (ТАЛАПТАР) арасындағы байланыс

бұл жерде өзгешеліктер бар. Мысалы, егер мемлекет айыппұл салу немесе салық бойынша төленбей қалған сомаларға қатысты талап қоятын болса, мемлекетке қатысты қарсы талап пен есепке жатқызуды қолдануға тыйым салынады. Сол сияқты артық төленген салық пен дұрыс есептелмеген айыппұлды кері қайтару туралы қарсы талап пен есепке жатқызуды қолдануға да тыйым салынады.

### **Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер**

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Кудрявцева Е.В. Тенденции развития английского гражданского процессуального права после принятия Правил гражданского судопроизводства // Вестник гражданского процесса. – 2012. - №2. – С.173-185.
4. Пучинский В.К. Гражданский процесс зарубежных стран / под ред. В.В. Безбаха. – М., 2008. – 506 с.